



**Турысбекова Г.К.,  
Кокебаева А.М.**

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ  
ӨНДІРІСІН  
ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ  
ҮРДІСТЕРІНІҢ БАҒЫТТАРЫ**

*В данной статье определены особенности диверсификации производства пищевой промышленности Южно-Казахстанской области, дана оценка его объемам и развитию, а так же представлены направления стратегии диверсификации в условиях рыночной конкуренции и повышения его эффективности по регионам.*

*In this article features of diversifications of food industrial production in the South Kazakhstan region are defined, the estimation its volumes and development is given and directions of diversification strategy a in the conditions of a market competition and increase of its efficiency on regions are presented*

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңінде өндірісті диверсификациялау үрдістері өндірістерде инновациялық прогресс жетістіктерін қолдануға [1, 2], өндіріс техникасы мен технологиясын жетілдіруге, экономиканың шикізаттық бағытын өзгертуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемдік экономиканың қарқынды дамуы мен жаһандануы, сыртқы ортаның анықталмаған жағдайы қоғамның барлық салаларына маңызды әсер етуші диверсификацияны тәуекелділікті азайту мен бәсекелестік қабілеттілікті арттыру тәсілі ретінде қолдануды қажет етуде. Ауылшаруашылық шикізатын, әсіресе, тамақ өнеркәсібі саласында терең өңдеудегі халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы отандық тамақ өнімдерін өндіруге арналған технологияны дамыту елімізде басымды стратегияның біріне жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы тамақ өнеркәсібі өндірісіндегі орын алған кемшіліктер осы саладағы диверсификациялау үрдісінің жетімсіз болуы және оны жүзеге асырудың тиімді жүйесінің құрылмағанымен түсіндіріледі. Осы саладағы кәсіпорындар бәсекелестік нарық жағдайында тұрақты және тиімді қызмет етуін арттыру мақсатындағы даму стратегиясын таңдау барысында диверсификациялау бағыттарын іздестіріп, оған әсер ететін негізгі факторларды анықтап, олардың құрамы мен толықтығына баға беру арқылы нақты жағдайда және дер кезінде іске асыруы, сәйкесінше басқарушы тиімді шешімдерді қабылдауы аса жоғары маңыздылыққа ие.

Сол себептен тамақ өнеркәсібі өндірісінің диверсификациялау ерекшеліктерін анықтау, оның көлемі мен тереңдігіне баға беру, бәсекелестік нарықтағы диверсификациялау стратегиясының бағыттары мен тиімділігін жеке аймақтар бойынша анықтау маңызды деп есептейміз.

Мемлекеттің жүргізген іс-шаралары ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу салаларына оң әсерін тигізіп отыр, бірақ Қазақстанның зерттеліп отырған кезеңдегі тамақ өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі алатын үлес салмағы тұрақты емес, орта есеппен 8,3% (кесте 1). Ал, Оңтүстік Қазақстан облысының тамақ өнеркәсібінің дамуында жалпы республикалық тенденцияға қарағанда тұрақты түрде 30,1%-дан – 43,1%-ға дейін өсу байқалады және өнеркәсіп саласында жетекші орын ие, яғни бұл аймақтың өнеркәсіптік дамуындағы аса маңызды әрі



мамандандыруды анықтайтын сала болып табылады.

Еліміздегі жоспарлы жүйенің нарықтық жүйеге өтуі нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы шаруашылықтардың орталықсыздандырылуы мен ырықтандырылуы жүзеге асырылды, өндірістік қатынастар мен меншік нысандары өзгерді, елдің азық-түлік кешенінде нарықтық қатынастардың дамуының нормативті-құқықтық базасы құрылды [3], тамақ өнеркәсібі дамуын басқарудағы мемлекеттің ролі мен қызметі қайта құрылды, аймақтық азық-түлік нарықтарында бәсекелестік орта құрылды.

Азық-түлік кешенінің қайта құрылуы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының диверсификация үрдісінде бірқатар мәселелерін анықтады, бірінші кезекте – асортименттің шектеулігі мен өндірілетін өнімнің төменгі сапасы, өндірістің техникалық-технологиялық деңгейінің артта қалуы, негізгі өндірістік қорларының рухани және табиғи тозуы. Тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары күрделі қаржылық тапшылыққа тап болды. Тұтыну көлемінде азық-түлік өнімдерінің импортының үлес салмағы едәуір артты.

Қазақстан Республикасындағы негізгі 21 түрдегі тамақ өнімдері өндірісі және оның экспорты мен импортын бойынша талдау көрсеткендей, экспортқа шағарылатын өнімдер көлемі жылдан-жылға артқанымен, ішкі тұтынудағы импорттың үлесі 17 түрдегі өнімде 20%-дан асады, ал оның 7 түрдегі өнімде 50%-дан да жоғары.

Оңтүстік Қазақстан облысында тамақ өнеркәсібінің аса маңызды өнім түрлерін өндіру көлемі бойынша республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктерге ие (кесте 2), яғни республика деңгейінде мына өнімдерді өндіруде өте жоғары деңгейде: жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерінің консервісі (50%-ға жуық), өсімдік майы және оның фракцияларының ішінде мақта майы мен рафинатталмаған күнбағыс майы (20%-дан жоғары), және басқа да дән өнімдерінің ішінде жаңа піскен нан мен макарон өнімдері, кондитер өнімдері, спиртті сусындар және пиво өнімдері. Ал, ет пен сүт өнімдерін өндіру орташа деңгейде болса, балық, қант және маргарин өнімдерін өндіру өндіруде облыста дағдарысты жағдай көрініс беріп отыр.

Кесте 1 – Экономикалық түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің құрылымы

Жылдар		Өнеркәсіп (100%)							
		Кен өндіру өнеркәсібі	Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	Өңдеу өнеркәсібі	Оның ішінде:				
					металлургия өнеркәсібі және дайын металл бұйымдарын өндіру	тамақ өнімдерін өндіру, сусындармен қоса және темекі	машина жасау	көкс, мұнай өнімдері мен ядролық материалдар өндіру	өңдеу өнеркәсібінің басқа салалары
2005ж	ҚР	59,4	5,3	35,2	14,0	8,8	3,4	3,2	5,8
	ОҚО	5,0	6,9	86,1	3,5	30,1	3,7	24,1	0,4
2006ж	ҚР	57,8	5,3	37	16,8	8,0	3,5	2,8	5,9
	ОҚО	10,0	9,9	80,0	2,7	32,7	5,3	10,6	0,6
2007ж	ҚР	56,9	5,3	37,8	16,7	8,2	3,6	2,5	6,8
	ОҚО	10,5	10,5	79,0	4,7	34,0	5,9	8,8	0,7
2008ж	ҚР	61,6	5,3	33,2	15,0	7,4	2,9	2,3	0,6
	ОҚО	13,5	10,4	76,1	2,5	40,7	5,8	9,0	0,7
2009ж	ҚР	61,6	5,3	33,2	15,0	7,4	2,9	2,3	0,6
	ОҚО	21,6	0,1	68,3	8,1	43,1	5,1	10,0	0,9

Кесте 2 – Оңтүстік Қазақстан облысының 2009 жылы тамақ өнімдерін өндіру көлемі бойынша Қазақстанның аумақтарындағы рейтингтік көрсеткіштері



Тамақ өнімдерін шикізат өніміне қарай топтастыру	Өнім түрі	Өндіру көлемі, тонна	Республиканың басқа аумақтарымен салыстырмалы көрсеткішінің дәрежесі
Ет өнімі	Ет және еттен жасалған өнім түрлері	9121	15 аумақтың ішінде 4 орында
	Ет консервілері	-	10 аумақта өндіріледі
	Шұжық	643	16 аумақтың ішінде 13 орында
Балық өнімі	Балық және оның консервлері	112	15 аумақтың ішінде 12 орында
Жеміс-жидек, көкөніс өнімдері	Жеміс, көкөніс шырындары	4396,5	5 аумақтың ішінде 4 орында
	Уксус қосылмаған қызанақ томатының консервлері	5851	4 аумақтың ішінде 1 орында
	Уксус қосылған қызанақ томатының консервлері	148	2 аумақтың ішінде 1 орында
Өсімдік майы және оның фракциялары	Мақта майы	34063	2 аумақтың ішінде 1 орында
	Күнбағыс майы, рафинатталмаған	9695	10 аумақтың ішінде 2 орында
	Күнбағыс майы, рафинатталған	7232	7 аумақтың ішінде 4 орында
Сүт өнімдері	Сүт, кілегей	14656	16 аумақтың ішінде 7 орында
	Ірімшік және сүзбе	224	16 аумақтың ішінде 10 орында
	Құрғақ сүт	-	4 аумақта өндіріледі
	Сары май	-	12 аумақта өндіріледі
Маргарин	Маргарин өнімі	-	3 аумақта өндіріледі
Ұн және басқа да дәндік өнімдері	Ұн, майда тартылған	583896	16 аумақтың ішінде 2 орында
	Жаңа піскен нан	160201	16 аумақтың ішінде 1 орында
	Макарон	20582	16 аумақтың ішінде 2 орында
Қант	Қант өнімі	201	5 аумақтың ішінде 5 орында
Кандитер өнімдері	Шоколад, кондитер өнімдері	2703	13 аумақтың ішінде 5 орында
Спиртті сусындар	Коньяк, литр	213	5 аумақтың ішінде 4 орында
	Шарап, литр	3554,9	3 аумақтың ішінде 2 орында
	Арак және спирттік сусындар, литр	784,8	13 аумақтың ішінде 9 орында
	Этилді спирт, литр	1257,5	10 аумақтың ішінде 5 орында
Пиво	Пиво өнімі, литр	60070,3	13 аумақтың ішінде 4 орында

Оңтүстік Қазақстан облысының 2009 жылғы тамақ өнімдерін өндіру көлемі бойынша Қазақстанның аумақтарындағы рейтингтік көрсеткіштеріне сәйкес жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерін өндіруде қызанақ консервілерін, өсімдік майын өндіруде мақта майы мен рафинатталмаған күнбағыс майын, ұн



және басқа да дәндік өнімдерінде жаңа піскен нан мен майда тартылған ұн және макарон, спирттік сусындар өндіруде шарап шығаруда 1-2 орындарға ие. Дегенменде, бұл көрсеткіштер, жоғары көрсеткішке ие өнім түрлерін қосқанда да, облыс көлеміндегі халықты негізгі тамақ өнімдерімен қамтамасыздандыру көрсеткішінің ауыр халде екендігін білдіреді. Өйткені, республика аумақтарында орналасқан халық санының көрсеткіштері бойынша облыс халық саны өте тығыз орналасқан аумақ болып табылады. Сонымен, 2009 жылдың басында республикада 15,7 млн. адам болса, оның 2,3 млн. адамы (оның 1,4 млн. адамы ауылдық аймақта тұрады) осы облыстың тұрғыны [4].

Мұндай келеңсіз жағдайды Оңтүстік Қазақстан облысының тамақ өнеркәсібіндегі аса маңызды өнім түрлерін өндіру көрсеткішіндегі 2009 жылы өндірілген өнім көлемін 1991 жылы өндірілген өнім көлемімен салыстырмалы түрдегі көрсеткішінен де көреміз (кесте 3).

Кесте 3 – Оңтүстік Қазақстан облысы тамақ өнеркәсібіндегі аса маңызды өнім түрлерін өндіру

Көрсеткіштері	1991	2006	2007	2008	2009	2009 ж. 1991 ж. %-бен
Ет өнімдері, тонна	40888	7990	7992	8538	8085	-5,1 есе
Шұжық өнімдері, тонна	8183	799	487	560	643	-
Өсімдік майы, тонна	52623	45056	47456	188	77422	147,1
Өңделген сұйық сүт және қаймақ, мың тонна	94,2	13,5	13,7	14,7	14,7	-6,4 есе
Дәннен, өсімдіктен алынған ұн, олардың қоспалары, мың тонна	234,1	424,2	407,9	482,8	5815	24,8 есе
Жаңа пісірілген нан, мың тонна	133,2	158,4	158,3	160,0	160,2	120,2
Шоколад, қанттан жасалған кондитерлік тағамдар, тонна	16124	1043	1635	1785	2703	-5,9 есе
Макарон, кеспе және осыған ұқсас ұн өнімдері, тонна	13787	12895	16647	18000	20582	149,2
Жүзім шарабы, мың литр	16190	623,3	437,2	202,6	393	-41,2 есе
Сыра, мың литр	62150	78857,0	75408	60340,8	60070,3	96,6
Алкогольсіз ішімдік, мың литр	20320	31795,3	10739,4	19701,1	67188,3	3,3 есе
хош истендірілмеген минералды және газды сулар, мың литр	6968	213906,4	288583,3	2688,4	3554,9	-1,9 есе

Зерттеу барысында Оңтүстік Қазақстан облысы тамақ өнеркәсібінде қызмет жасаушы кәсіпорындарының диверсификациялану үрдістеріне жүргізілген талдаудың мысалы ретінде май өнімдерін өндіру саласын қарастырайық.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы ең ірі май өнімдерін өндіруші кәсіпорын «Шымкент май» АҚ болып табылады және оның осы нарықтағы үлесі 66% құрайды. Сонымен қатар, «Қайнар май» АҚ және «Арай» АҚ орта кәсіпорындарының үлесі 34% құрайды. Және де облыста 150-ге жуық күнбағыс, мақсары, мақта майын өндіруші цехтар бар. Шикі мақта мен сафлорды өндіру соңғы жылдары артуына байланысты 2008 жылы өсімдік майын өндіру артты және ол 47,2 мың тоннаны құрады. Облыстағы өсімдік майы экспорты 2008 жылы 4,2 мың тоннаны құрады, ал мақта майы 2,2 мың тоннаны құрады, ол 2004 жылы сәйкесінше өсімдік майы бойынша 265 тонна және мақта майы 1,6 мың тонна болған еді.

«Шымкент май» ААҚ-ның басты ерекшелігі ретінде әр түрлі май дақылдары өнімдерін өндүрге мамандануын атап өтсе болады, олар: мақта тұқымы, мақсары, рапс, соя, күнбағыс майлары т.б. кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 350 мың тонна май дақылдарының тұқымын өңдеуге мүмкіндік береді, соның ішінде мақта – 750 т/ күн, күнбағыс – 450, қыша (горчица) – 350, мақсары – 400, рапс -350 т/ күн құрайды.



Кесте 4 – Оңтүстік Қазақстан облысының тамақ өнеркәсібіндегі жетекші кәсіпорындардың диверсификациялау бағыттары мен салалық құрамы

Диверсификация бағыты	Кәсіпорынның аты	Негізгі мамандануы	Диверсификациялануы	Салалық құрамы	Нарық көлемі (өнімді елдер нарығына шығаруы)
Туыстық салада диверсификациялау					
Көденең	«Шымкент май» АҚ	Өсімдік майларын өндіру	өнім ассортиментін көбейту, өнімді өткізу,	бір салалы	аумақтық отандық ТМД елдері, оның ішінде әсіресе Ресей нарығында
	«Корона макарон фабрикасы» ЖШС	Макарон өнімдерін өндіру	өнім ассортиментін көбейту, өнімді өткізу,	бір салалы	аумақтық
	«Шымкент сүт» ЖШС	Сүт өнімдерін өндіру	өнім ассортиментін көбейту	бір салалы	аумақтық
	«Сайрам сүт» ЖШС	Сүт өнімдерін өндіру	өнім ассортиментін көбейту	бір салалы	аумақтық
Тігінен	«ЭкоПродуктГруп» АҚ	Жеміс-жидек өнімдерін консервілеу	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, өткізу	көп салалы	аумақтық отандық аумақтық отандық
	«Принер-2004» ЖШС	Қызылқандық пастасы	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, өткізу	көп салалы	аумақтық отандық Египет
Қызылқандық	«Наурыз-5» ЖШС	Көкөніс өнімдерінің консервісі	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, ассортиментін көбейту, өткізу	көп салалы	аумақтық отандық Египет
Туыстық емес салада диверсификациялау					
онгломератты	«Арай» ЖШС	Өсімдік майларын өндіру	ассортиментін көбейту, ұнды қораптау, макорон өнімдері	көп салалы	аумақтық
	«Сапа-Шымкент» ЖШС	Ұн өндіру	ұнды қораптау, өткізу, өсімдік майын өндіру	көп салалы	аумақтық
Аралас	«Қайнар» корпорациясы	Өсімдік майларын өндіру	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, ассортиментін көбейту, өткізу, мал өнімдері, емдік-минералдық су өнімдері, шикізат қабылдау пункттері, денсаулық сақтау орындары, колледж, бала-бақша, құрылыс пен жөндеу	көп салалы	аумақтық отандық Өзбекстан және Қырғызстан



Аралас	«Қайнар» корпорациясы	Өсімдік майларын өндіру	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, ассортиментін көбейту, өткізу, мал өнімдері, емдік-минералдық су өнімдері, шикізат қабылдау пункттері, денсаулық сақтау орындары, колледж, бала-бақша, құрылыс пен жөндеу	көп салалы	аумақтық, отандық, Өзбекстан және Қырғыстан
	«Шымкент пиво» ЖШС	Пиво өнімі	шикізат өнімін өндіру, өңдеу, сақтау, ассортиментін көбейту, өткізу, ресторан бизнесі	көп салалы	аумақтық, отандық, алыс және жақын шетел нарығында
	«АВК Қапалбек» ЖШС	Вино және алкогольдік өнімдер	шикізат өнімін өндіру, өнім түрін көбейту, өңдеу, өткізу, емдік-минералды суындар	көп салалы	аумақтық, отандық
	«Оңтүстік құс» ЖШС	Жұмыртқа және тауық еті	өсімдік шаруашылығы, өнім сорттарын көбейту, өнім түрлерін көбейту, ресторан бизнесі	көп салалы	аумақтық

Ескерту – Автор құрастырған



4 кестеден Оңтүстік Қазақстан облысының аймағындағы негізгі тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындар өз қызмет түрлерін диверсификациялауға бағыттағандығын көруге болады. Бұл орайда - «Қайнар» корпорациясының диверсификация бағыттары өзара өндірістік қатынастары болмаған жаңа салаларды қамтыса (мысалы, шипалы су өндіру, демалыс орындарын ұйымдастыру, ауыл шаруашылығы өндірісі), «Шымкентмай» АҚ өндірісті дамытудың ассортименттік саясатын қолданып, май өнімдерінің түрлерін көбейту бағытын ұстанып, бірнеше елдің аумағында қызмет етеді. «ЭкоПродуктГруп» АҚ негізгі қызметі көкөніс өнімдерін қайта өңдеу жүйесі болса, диверсификация бағыты ретінде ауыл шаруашылығы өндірісімен, мейрамхана бизнесімен айналысады, сонымен қатар фирмалық магазиндер арқылы өткізу жүйесі бар. «Наурыз-5» ЖШС кәсіпорыны негізінен «Дары юга» деген брэндпен көкөніс консервілерін, варенье, джем өнімдерінің 40-тан астам түрін шығарады және өндірісті диверсификациялау бағыты туыстық салада дамыту болып отыр.

Талдау нәтижесі мынаны көрсетті: Қазақстанның тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының даму стратегиясы ретіндегі диверсификациялау ерекшелігі бір-бірімен байланысқан факторлар мен жағдайлардың кешенімен анықталады, олар: диверсификациялау үрдісінің өзіне тән себептерімен, диверсификациялау саласын таңдаумен, нарық дамуының кезеңімен, оның өмірлік кезеңінің ұзақтығымен, туыстық және туыстық емес салаларға диверсификациялау арақатынасымен түсіндіріледі. Тамақ өнеркәсібінің дамуының маңызды факторы ретінде отандық тамақ өнімдеріне тұтыну сұранысының артуын қарастырса болады.

Сондықтан да, өндірістің тұрақты әрі кең көлемде диверсификациялау ұдайы өндірістік үрдістің дамуының негізгі объективті заңдылығы ретінде қалыптасқан нарық жағдайында жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 2003-2015 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы. – Астана, 2003.
- 2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» // Егемен Қазақстан газеті, 2007.-1-наурыз. - №55. – 1-2 б.
- 3 Мемлекеттік тіркелуге тиісті тамақ өнімдерін әкелу (импорттау) Ережесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19 ақпандағы 2008 жылғы №165 қаулысымен бекітілген
- 3 <http://www.stat.kz/>